

## Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 4 сәуірдегі № 45 шешімі.

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі 8-бабының 2-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Кеден одағы Комиссиясының "Кеден құжаттарын толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштар туралы" 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*М. Мясникович*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2023 жылғы 4 сәуірдегі  
№ 45 шешіміне  
ҚОСЫМША

## Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне енгізілетін өзгерістер

1. Тауарларды өткізу ерекшеліктерінің сыныптауышында (2-қосымша):

а) 071 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

2043 жылғы 31 желтоқсанға дейін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін (әкелінген) және жасанды тауарлардың құрылысын (жасауды, тұрғызуды), , Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің ішкі теңіз сулары мен аумақтық теңізі шегіндегі аралдардың, қондырғылардың, құрылыстардың немесе өзге де объектілердің жұмыс істеуін (пайдаланылуын, қолданылуын) қамтамасыз етуге арналған және жер қойнауын геологиялық зерттеу, пайдалы қазбалар кен орындарын іздеу және бағалау, көмірсутек шикізатының теңіздегі кен орындарын барлау және игеру кезінде тиісті аумақтарда қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған шетелдік тауарлар ( машиналарды, механизмдерді, сондай-ақ жабдыққа жинақтаушы және қосалқы бөлшектерді, құралдарды, материалдар мен өзге де бұйымдарды қоса алғанда, жабдық)";

б) 178 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"179

Федералдық арнайы маркаларды салу мақсатында Ресей Федерациясына әкелінетін (әкелінген) алкоголь өнімі (оның ішінде федералдық арнайы маркаларды салу үшін кеден қоймасының кедендік рәсіміне орналастырылған, федералдық арнайы маркаларды қолданғаннан кейін мәлімделген кедендік рәсімге сәйкес шығарылған, федералдық арнайы маркаларды қолданбай кері экспорттау кедендік рәсіміне сәйкес әкетілген) (Ресей Федерациясы үшін)".

2. Кедендік төлемдерді төлеу бойынша жеңілдіктер сыныптауышында (7-қосымша):  
а) 1.1-кіші бөлімде:

BC коды бар позиция мынадай редакцияда жазылсын:

"ЕАЭО СЭҚ ТН 8802 40 003 5 және 8802 40 003 6 кодтарымен сыныпталатын, осы тауарды әкелу жүзеге асырылатын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағы шегінде оларды пайдалану мақсатында, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтары арасындағы тасымалдар және (немесе) халықаралық тасымалдар үшін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына қоса алғанда 2031 жылғы 31 желтоқсанға дейін әкелінетін азаматтық жолаушылар ұшақтарына қатысты кедендік әкелу бажын төлеуден босату BC";

ЦД коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"ЕАЭО СЭҚ 8418 69 000 8 ТН кодымен сыныпталатын ұзындығы 20-дан 40 футқа дейінгі рефрижераторлық контейнерлерге қатысты кедендік әкелу бажын төлеуден босату РК";

б) 6.4-кіші бөлімнің 6.4.1-тармағы мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

"Тек электр қозғалтқышымен қозғалысқа келтірілетін, ЕАЭО СЭҚ ТН 8702 40 және 8703 80 тауар позицияларында сыныпталатын көлік құралдарына қатысты ҚҚС төлеуден босату ЭМ

ЕАЭО СЭҚ ТН 8504 40 550 0 және 8504 90 980 0 тауар позицияларында сыныпталатын, электр қозғалтқышымен ғана қозғалысқа келтірілетін көлік құралдарын электр қуатымен зарядтауға арналған жабдыққа қатысты ҚҚС төлеуден босату ЭД

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану негізінде энергетикалық қондырғылар салуға арналған мамандандырылған тауарлар мен жабдықтарға қатысты ҚҚС төлеуден босату ЭУ

Тракторларды және автокөлік құралдарын КЧ  
құрастыруға арналған жинақтаушы бөлшектерге  
қатысты ҚҚС төлеуден босату

Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті  
айқындайтын энергия және ресурстық тиімділік РЭ  
талаптарына жауап беретін жабдықтар мен оның  
жинақтаушыларына қатысты ҚҚС төлеуден босату

Өсімдік майын, құс және балық азығын өндіруге ПЗ  
арналған шикізатқа қатысты ҚҚС төлеуден босату

Бақылау-касса машиналарының тізіліміне енгізілген  
бақылау-касса машиналарына қатысты ҚҚС КК  
төлеуден босату

Қырғыз Республикасының Ұлттық Банкі әкелетін  
тазартылған стандартты және өлшеуіш құймаларға, ИМ  
инвестициялық монеталарға қатысты ҚҚС төлеуден  
босату

Исламдық қаржыландыруға сәйкес мурабах және  
иджара мунтахийя биттамлик шарттары бойынша ДИ  
сатып алынған тауарларға қатысты ҚҚС төлеуден  
босату

Шығарылған жылы 15 жылдан аспайтын ЕАЭО  
СЭҚ ТН 8802 40 003 5, 8802 40 003 6 және 8802 40  
004 6 кодтарымен сыныпталатын әуе кемелеріне ВС  
қатысты ҚҚС төлеуден босату

Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті  
бекітетін тізбеге сәйкес Қырғыз Республикасының  
Салық Кодексінің 300-бабында көзделген ДЗ  
қозғалтқыштар мен әуе кемелеріне қосалқы  
бөлшектерге қатысты ҚҚС төлеуден босату

ҚҚС шартты есептеу режимін қолдана отырып  
әкелінетін тауарларға қатысты ҚҚС төлеуден босату ТУ".

### 3. Құжаттар мен мәліметтер түрлерінің сыныптауышында (8-қосымша):

#### а) 1-бөлімде:

01125 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен  
ТОЛЫҚТЫРЫЛСЫН:

"01126 Ресей Федерациясы енгізген арнайы экономикалық  
шаралардың сақталуын растайтын құжаттар";

01420 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен  
ТОЛЫҚТЫРЫЛСЫН:

"01421 Электрондық сауда тауарларының қауіпсіздігі  
туралы мәлімдеме";

#### б) 7-бөлім мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

Тікелей айдалатын бензинмен операция жасайтын  
адамды тіркеу туралы куәлік не бензолмен,  
паракилолмен немесе ортоксилолмен операция  
жасайтын адамды тіркеу туралы куәлік не орташа  
дистилляттарды қайта өңдеу жөніндегі  
операцияларды жасайтын адамды тіркеу туралы

куәлік не мұнай шикізатын қайта өңдеу жөніндегі операцияларды жасайтын адамды тіркеу туралы куәлік не этанды қайта өңдеу жөніндегі операцияны жасайтын адамды тіркеу туралы куәлік немесе сұйытылған көмірсутекті газдарды қайта өңдеу жөніндегі операцияларды жасайтын адамды тіркеу туралы куәлік (Ресей Федерациясы үшін)".

4. Алу кеден органдарына жүктелген салықтар, алымдар және өзге де төлемдер түрлерінің сыныптауышында (9-қосымша):

а) 2.4-кіші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"2.4. Акциздер

2.4.1. Азық-түлік шикізатынан алынатын этил спиртіне, шарап спиртіне, жүзім спиртіне (шарап, жүзім, жеміс, коньяк, кальвадос, виски дистилляттарынан басқа) арналған акциз 4010

2.4.2. Шарап, жүзім, жеміс, коньяк, кальвадос, виски дистилляттарына арналған акциздер 4140

2.4.3. Азық-түлік емес шикізаттан этил спиртіне арналған акциз 4150

2.4.4. Құрамында спирті бар өнімге арналған акциз 4020

2.4.5. Этил спиртінің көлемдік үлесі 9 пайыздан асатын алкоголь өніміне арналған акциз (сыраны, шараптарды (күшейтілген (ликерлі) шараптан басқа), құйылған шараптарды, жеміс шараптарын, жеміс-жидек алкоголь өнімін, көпіршітін шараптарды қоспағанда, сондай-ақ ректификацияланған этил спиртіні қоспай дайындалатын шарап сусындарын, құрамында жүзім бар сусындарды, жеміс-жидек алкоголь сусындарын қоспағанда және (немесе) спирттелген жүзім немесе өзге де жеміс сусынын қоспай және (немесе) дистилляттар қоспай және (немесе) нығайтылған (ликерлі) шарап қоспай) 4120

2.4.6. Этил спиртінің көлемдік үлесі 9 процентке дейін қоса алғанда алкоголь өніміне арналған акциз (сыраны, сыра негізінде жасалатын сусындарды, шараптарды, шарап материалдарын, жеміс шараптарын, жеміс-жидек алкоголь өнімдерін, көпіршітін шараптарды қоспағанда, сондай-ақ шарап сусындарын, тамақ шикізатынан өндірілген ректификацияланған этил спиртіні қоспай және (немесе) жүзім немесе өзге де жеміс-жидек спирттерін қоспай жасалатын жеміс-жидек алкогольдік сусындарын қоспағанда және (немесе) дистилляттарды қоспай және (немесе) нығайтылған (ликер) шарапты қоспай) 4130

2.4.7. Шараптарға арналған акциз

Шараптарға, жеміс шараптарына, құйма шараптарға (көпіршікті шараптарды, күшейтілген (ликер)

шарапты қоспағанда), жеміс-жидек алкоголь өніміне арналған акциз	
Көпіршікті шараптарға, сондай-ақ шарап сусындарына, құрамында жүзім бар сусындарға, тамақ шикізатынан өндірілген ректификацияланған этил спиртіні қоспай және (немесе) спирттелген жүзім немесе өзге де жеміс сусындарын қоспай және (немесе) дистилляттарды қоспай және (немесе) күшті (ликер) қоспай дайындалатын жеміс алкогольді сусындарға арналған акциздеу шараптар	4380
2.4.8. Сидр, пуаре, бал шарабына арналған акциз	4160
2.4.9. Жүзім суслосына, жеміс суслосына, жеміс ашытылған материалдарға арналған акциз	4350
2.4.10. Сыраға арналған акциз	
Этил спиртінің құрамында көлемдік үлесінің қоса алғанда 0,5 пайызға дейін нормативтік (стандартталған) сыраға арналған акциз	4100
Этил спиртінің көлемдік үлесі қоса алғанда 0,5 пайыз және 8,6 пайыз нормативтік (стандартталған) құрамдағы сыраға, сыра негізінде жасалған сусындарға арналған акциз	4210
Этил спиртінің көлемдік үлесі 8,6 пайыздан жоғары нормативтік (стандартталған) құрамдағы сыраға арналған акциз	4220
2.4.11. Темекі өніміне арналған акциз	
Түтікше, шегетін, шайнайтын, соратын, иіскейтін, кальян темекіге арналған акциз (темекі өнімдерін өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланылатын темекіні қоспағанда)	4030
Сигараларға арналған акциз	4230
Сигариллаларға (сигариттерге), бидилерге, кретектерге арналған акциз	4240
Сигареталарға, папиростарға арналған акциз	4250
2.4.12. Никотинді электронды жеткізу жүйелеріне арналған акциз	4270
2.4.13. Никотинді электронды жеткізу жүйелеріне арналған сұйықтықтарға арналған акциз	4280
2.4.14. Қыздыру арқылы тұтынуға арналған темекіге (темекі өнімдеріне) арналған акциз	4290
2.4.15. Темекіні қыздыруға арналған құрылғыларға арналған акциз	4360
2.4.16. Жеңіл автомобильдерге және мотоциклдерге арналған акциз	
Қозғалтқыштың қуаты қоса алғанда 67,5 кВт (90 а.к.) дейінгі жеңіл автомобильдерге арналған акциз	4060
Қозғалтқыштың қуаты 67,5 кВт (90 а.к.) жоғары және қоса алғанда 112,5 кВт (150 а.к.) дейінгі жеңіл автомобильдерге арналған акциз	4180

Қозғалтқыштың қуаты 112,5 кВт (150 а. к.) жоғары және қоса алғанда 150 кВт (200 а.к.) дейінгі жеңіл автомобильдерге арналған акциз	4300
Қозғалтқыштың қуаты 150 кВт (200 а. к.) жоғары және қоса алғанда 225 кВт (300 а.к.) дейінгі жеңіл автомобильдерге арналған акциз	4310
Қозғалтқыштың қуаты 225 кВт (300 а.к.) жоғары және қоса алғанда 300 кВт (400 а.к.) дейінгі жеңіл автомобильдерге арналған акциз	4320
Қозғалтқыштың қуаты 300 кВт (400 а.к.) жоғары және қоса алғанда 375 кВт (500 а.к.) дейінгі жеңіл автомобильдерге арналған акциз	4330
Қозғалтқыштың қуаты 375 кВт (500 а.к.) асатын жеңіл автомобильдерге арналған акциз	4340
Қозғалтқыш қуаты 112,5 кВт (150 а.к.) жоғары мотоциклдерге арналған акциз	4190
2.4.17. Автомобиль бензиніне арналған акциз	4040
2.4.18. Тікелей айдалатын бензинге арналған акциз	4050
2.4.19. Дизель отынына арналған акциз	4070
2.4.20. Дизельді және (немесе) карбюраторлы (инжекторлық) қозғалтқыштарға арналған мотор майларына арналған акциз	4080
2.4.21. Орташа дистилляттарға арналған акциз	4260
2.4.22. Құрамында қант бар сусындарға арналған акциз	4400";

**б) 6.3-кіші бөлім 4190 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:**

"Түтік, шегетін, шайнайтын, соратын, иіскейтін, кальян темекіге арналған акциз (темекі өнімдерін өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланылатын темекіні қоспағанда) 4200

Қыздырылатын темекісі бар бұйымдарға арналған акциз (қыздырылатын темекі таяқшасы, темекісі бар қыздырылатын капсула және т.б.) 4210

Электронды сигареталарда пайдалануға арналған картриджерде, резервуарларда және басқа контейнерлерде никотин бар сұйықтыққа арналған акциз 4220

Мұнай өнімдері сияқты максаттарда пайдаланылатын қорғасын қосылыстары негізіндегі өзге де антидетонаторларға арналған акциз 4230

Құрамында битуминозды жыныстардан алынған мұнай немесе мұнай өнімдері бар майлау майларына арналған қоспаларға арналған акциз 4240

Басқа мұнай өнімдеріне арналған акциз (биотын, экологиялық отын, жеңіл дистилляттар қоспасы) 4250

Бір корпуста никотин сұйықтығы бар никотинді 4260  
жеткізудің бір реттік электрондық жүйелеріне  
арналған акциз

Никотинді электронды жеткізу жүйелеріне арналған 4270".  
акциз

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ